

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

сондай-ақ көлемдік-кеңістіктік аспектілері жатады. Зерттелген аспектілерін жобалау павильондар, ерекшелігімен байланысты болса құрамын таңдау оның құрамына кіретін компоненттердің тәсілдермен орта құру және экономикалық тиімділігі. Үлкен дәрежеде біз анықтады әлеуметтік тиімділігі объектіні тұтастай алғанда:

— ұлғаюы қарқынының ақпарат және қызмет көрсету арттыруға, жайлылық пен кешенділік халықпен байланысты;

— тәрбие, мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын;

— насихаттау белгілі бір стиль мен өмір салты. Талдау, игеру және дамыту ең маңызды композициялық заңдылықтары мен байланыстарын, ең қызықты тәсілдер мен принциптер, шығармашылық тәжірибесін, оның үрдістерін, өте пайдалы жетілдіру үшін жобалау көрме павильондарының ең маңызды бөлігі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Гельфонд А.Л. Архитектурное проектирование общественных зданий и сооружений. М.: Архитектура-С, 2006.
2. Иконников А. В. Функция, форма, образ в архитектуре. М.: 1986.
3. Кринский В. Ф. Опыт обучения композиции. Архитектурная композиция. М.: 1970.
4. Лошаков И.И. Теория архитектуры и градостроительства. (психология восприятия архитектурных объектов) Киев, 1988.
5. Шимко В.Т. Архитектурно дизайнерское проектирование. Основы теории (предпосылки и перспективы). Известия вузов. Строительство. М.: 1997.

ОӘЖ 747.012.04

ДӘСТҮРЛІ ТҰРҒЫН ОРТАНЫ ҚҰРЫЛЫМДАУ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШІЛІГІ

Ахман Субхан

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
begimbai@hotmail.com

Бегімбай Кавира Мухамбетжанқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайнинженерлік графика» кафедрасының доценті,
п.ғ.к.

Қазіргі кезеңдегі қалыптасқан тұрғын ортада негізі қолдану мақсатына қарай жиһаз қонақ бөлмелік, жатын бөлмелік, бала бөлмесіне арналған және ас үйлік болып бөлінеді. Үй иесінің әлеуметтік статусына немесе кәсіби қызметіне сай, кей жағдайда жұмыс істейтін бөлмеге арналған жиһаз түрлері де тұрмыстық ортада өз орынын алады. Қосалқы қызметтік функция атқаратын дәліз бен кіре беріс, жуынатын бөлмеге қажетті жиһаз түрлері де қолданысқа ие болуы осы күндері үйреншікті жағдайға айналды.

Адамзат өркениетінің дамуы барысында жиһазды қолдану ретіне сай оның жаңаша түрлері пайда болып, әрдайым дамып отырған. Алғашқы қауым кезеңінде адам табиғатқа тікелей бағынышты болғандықтан үңгірлерді паналады. Кейінгі кезеңдерде бұрынғы аңшылық пен дайын табиғи өнімдерді теруден белгілі бір жерге қоныстап егіншілікпен айналысуға көшті. Бұл жағдайда адам табиғи панадан басқа өз қолымен тұрғызған жасанды үйшіктер мен күркелерде тұра бастады. Сөйтіп, ол табиғи ортадан жасанды тұрғын ортаға қоныс аударды.

Адамзат қоғамының дамуы деңгейіне сай тұрғын ортаның да жаңа түрлерінің пайда болып, одан әрі дамуы заңдылық. Тас сияқты табиғи материалдарды өңдеуді меңгерген адам табиғаттың дүлей күшіне төтеп беретін берік әрі жайлы тұрғын ортаны салуды үйренді.

Осындай тұрғын орталарда адам өмірінің барынша қолайлы болуын қамтамассыз ететін түрлі тұрмысқа қажет заттар мен жиһаздар пайда бола бастады.

Адамзат өркениетінің бір бөлігі болып табылатын қазақ халқының да тұрмыс түршілігінде осы үдеріс өзіне тән ерекшелікке ие бола отырып қалыптасу мен әрі қарай даму сатыларын бастан кешіріп, осы күнгі жаппай жаһандану кезеңіне де келіп жетті.

Қазақ халқының тұрмысының дамуының айрықша жетістігі болып табылатын көшіп-қонуға ыңғайлы, заманауи тілмен айтқанда мобильді болып саналатын және осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтпаған ұлттық мәдениетіміздің жауһазы болып табылатын тұрғын құрылым – киіз үйді осы ретте айта кету өте орынды деп білеміз. Өзінің құрылымы жағынан болсын, тасымалдап жүруге жеңілдігі және жылдам құрып, қажет болған жағдайда тез жинап алуға ыңғайлылығымен де ғасырлар бойы халқымызға пана болып келген осы киелі киіз үй дәстүрлі тұрғын орта ретінде әбден қалыптасып, кемеліне жеткен дүние болып табылады [1].

Әрине, адам өмірінде осындай баспананың болуымен қатар, оның ішіндегі күнделікті тұрмыс-тіршілікке қажетті түрлі бұйымдардың орын алуы қалыптасқан жағдай. Қазақ халқының дәстүрлі тіршілік ортасының ажырамас бөлігіне айналған біқатар жиһаз түрлеріне тоқталып өтейік. Олардың ішіндегі ең бастыларының бірі – ағаш төсек болып саналады. Жатып тынығуға арналған жайлы жиһаз ретінде, әдетте киіз үйдің оң жақ іргесінде орналасады. Ел арасында «ағаш төсек», көркемдік безендірілуіне қарай, «сырлы төсек», «күмістелген төсек», «сүйектелген төсек», «оюлы төсек» деп аталады. Құрылымына талдау жасайтын болсақ – қайқылау келген екі басы және жатуға ыңғайлы арқалығы болады. Екі жанында түрлі көркемдік материалдармен, яғни көксауыр былғарымен, сүйек, күміс, түсті тастармен әшекейленген сырлы бояумен боялған ағаштан жасалған екі бөлігі арқалыққа бекітіледі. Ағаш төсектің төменгі жағынан төрт аяқ бекітіледі.

Ағаш төсектің пішіні ұсталардың шеберлігіне, көркемдік талғамына, қолданылған құрама материалдарына қарай, әрі Қазақстан аймақтарындағы ағаш шабу өнерінің жергілікті дәстүрлеріне сай ерекшеленуі мүмкін. Күндізгі кезде ағаш төсектің үстіне сәндеп көрпешек төсек жинап қойылады [2].

Абдыра – үй жиһазы, сандықтың үлкен түрі. Тақтайдан жасап, алдыңғы бетін, өрнектеп, сырлайды. Орталық Азия халықтары кеңінен қолданады. Аталуы – көне түркі «абыд», яғни жасыру деген сөзден шыққан. Қақпаға мен қиюласқан жіктері қаңылтыр қиықтарымен торланады. Абдраны мықты әрі жеңіл ағаштан тегістеп жонылған тақтайдан қиюластырып жасайды. Абдыра бір түсті сырмен боялып, кейбірінің алдыңғы беті сәнді болуы үшін түрлі өрнектермен әшекейленген жұқа қаңылтырмен қапталады. Қозғауға ыңғайлы болуы үшін абдыраның екі бүйіріне қос-қостан төрт тұтқа орнатылып, қақпағына құлып салынады [3].

Адалбақан – киім және тағы басқа үй мүліктерін ілуге арналған жабдық. Адалбақан көбінесе бұтағы көп балапан қайың мен шыршадан (самырсыннан) жасалады. Жас ағашты кесіп алып қабығын аршығаннан кейін, оның бұтақтарын түп жағынан бір сүйемдей қалдырып, ұшын кесіп тастайды, бұтақ түбірлерін бақанның жоғарғы ұшының бағытымен майыстырып иеді де, ұштарын қайыспен не мықты жіппен бақанның діңіне таңып, көлеңкеде кептіреді. Иілген бұтақтар жазылып кетпейтіндей болып әбден кеуіп қалыптасқан кезде таңғышты шешіп алып, оның ұштарын үшкірлеп жонып ілгек жасайды. Кейде адалбақанды бұтақсыз ағашқа басқа ағаштың бұтағын не болмаса бөкеннің мүйізін бекіту арқылы да жасайды. Адалбақан сәнді болу үшін шеберлер оның сыртын әр түрлі бояулармен өрнектеп сырлайды, бүршік бас алтын, күміс шегелермен нақыштайды.

Асадал – тамақ, ыдыс-аяқ сақтайтын үй жиһазы. Кебеженің сирақты түрі. Үстіңгі бөлігі қақпақталып, бетіне түрлі нақыштар салынады, сүйекпен, қаңылтырмен, әр түрлі тастармен безендіріледі.

Жұқаяқ – дәстүрлі қазақ қоғамында қолданылған, сандықтың астына қойылатын жиһаз. Ағаштан жасалады, төрт аяғы болады. Жұқаяқтың беті металмен қапталып, әр түрлі өрнектермен әшекейленген.

Дөңгелек үстел – киіз үйдің шеңбер тәріздес пішініне сай дөңгеленген және әдетте шаңырақ астында ортада орналасатын, отбасының түгелдей тамақ қабылдауға арналған ағаштан жасалған жиһаз түріне жатады.

Қазақ халқының жоғарыда аталған дәстүрлі жиһаздармен қатар, адам тұрмысына қолайлы орта құрудың қажетті бұйымдар қатарына жүн, былғары мен матадан жасалған тұрмыстық заттарды да айта кеткен жөн деп санаймыз.

Киіз, кигіз – қойдың күзем жүнінен басылған, үй тұрмысында пайдаланылатын бұйым. Көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше. Киіз қазақ жеріндегі көшпелі тайпаларда б.з.б. 1-мыңжылдықта белгілі болған.

Киізден жасалған бұйымдар қатарына маңыздылығына қарай әуелде киіз үйді қаптауға қолданылатын **киіз жабындыны** жатқызуға болады.

Киіз – жүн және түкті тері қалдықтарынан илеу арқылы немесе минералды мақтаға тұтқыр материал қосып қосып, жылумен өңдеп, қалыптау тәсілімен жасалған аралық төсем, тығыздау арқылы дыбыс пен оқшаулау үшін пайдаланылатын зат [3].

Жауын-шашыннан, жел мен күннен қорғайтын қасиеті бар осы бұйымның атауымен қазақтың дәстүрлі баспанасының аталуы тегін емес. Ақшаңқан киіз ақ қойдың жүнінен басылған және сол дайын киізден **туырлық, үзік, түндік, текемет пен сырмақ** жасалған. Басылатын жүннің мөлшерін, жарамдылығын айыра алатын, шабақтау мен тартуға шебер адамды киізші деп атаған.

Жүннен басып жасалған киіз төсеніштер мен іргені жағалай қаптай ілінген, әрі жылуды сақтауға, әрі оюланып жасалған түрлерін көркем әрлеу мақсатында қолдану қалыптасқан жағдай болып табылады.

Түрлі-түсті боялған жүннен иіріліп жасалатын бұйымдар қатарына **кілемдер** мен **алашаларды, басқұлар** мен **шилдерді** жатқызуға болады.

Алаша – әртүрлі түске боялған мақта, жүн жіптерінен өрмекпен тоқылатын төсеніш мүлік болып табылады және екі түрлі әдіспен тоқылады: бірішісіне – түрлі-түсті жіптерді жарыстыра жолақтап тоқу, ал екіншісіне – әр түсті бой жіптерді санап отырып, теріп тоқу арқылы көп мәнерлі өрнектер түсіру жатады.

Алғашқысын қақпа алаша деп, соңғысын терме алаша деп, кейде кілем алаша деп те атайды. Алашадан **төсеніш, тұс кілем, қоржындар** жасайды. Алаша – қазақ тұрмысында ең жиі қолданылатын мүлік және тоқылу техникасына сай тықыр кілем түріне жатады.

Тұс кілем тоқылу техникасы алашамен салыстырғанда әлдеқайда күрделігіне сай түкті кілем деп те аталады. Оны тоқуға ұзағырақ уақыт кететін болғандықтан шығыс елдерінде құнды бұйымдарға жатады және әдетте төрге ілінеді.

Малшылықпен айналысатын халқымыздың тұрмыста жүнмен қатар былғарыны жиі қолдануы заңдылық болып табылады. Малдың терісінен **былғары төсеніш** жасаумен қатар түрлі бұйымдарды салуға арналған ықшам **дорбалар** мен **қобдишалар** жасау дәстүрлі ортада өзінің функционалдық міндетін атқарған.

Бөстек – құлын, бөкен, елік, ешкінің иленген терісінен жасалатын жұмсақ төсеніш, көне түркі тіліндегі «посты», яғни тері сөзінен шыққан. Бөстекті жоғарыда аталған жануарлардың терісінен іш жағына қара бидайдың ұны мен кебегіне айран қосып жасаған ерітінді жағып, бірнеше күн жылы жерде ұстаған. Содан кейін ерітінді сіңген теріні кергілеп, укалап жұмсартады да, қатты сүйекпен не қайрақ таспен сүргілеп, иленген қалпында да төсене берген. Көркемдік қасиетін арттыру үшін барқыт немесе шұға сияқты матамен көмкере астарлап та пайдаланған. Бөстекті төрге не қарттар отыратын орынға төсейді.

Ендігі дәстүрлі тұрғын ортаның құт-берекесінің басты символына айналған киелі дастарқан туралы айта кетуіміз керек.

Дастарқан – ас қоюға арналған мата төсеніш. Дастарқанды кейде «асжаулық» деп те атайды. Дастарқан сол үшін көбінесе ашық түсті не гүлді маталардан көлемі әр түрлі етіп тігіледі. Дастарқанның жиегін қайырып сыриды және сәнді болуы үшін шашақ тағады [3].

Дастарқан басында барлық әулет бас қосып, береке-бірліктің арқасында тапқан асын шүйіркелесе отырып, бөліседі. Қонақшыл халқымыздың той-думаны да дастарқан басында

өтеді. Шаңырақ иелеріне құт-береке тілегенде «Дастарқан мол болсын!» деп айту біз үшін үйреншікті әдетке айналған. Сондықтан ұлттық мәдениетімізде дастарқанның алатын орыны ерекше.

Келесі кезекте халқымыздың дәстүрлі тіршілігінде екі елдің арасында сыйластық қарым-қатынасының символына айналған дорба туралы сөз болады.

Дорба – құрғақ тамақ немесе әр түрлі ұсақ-түйек заттар салуға арналған кішігірім қапшықтың бір түріне жатады. Дорбаны матадан не жүн жіптен тоқып жасайды. Матадан тігілген дорбаның аузы бүгіліп, бау өткізіледі. Ішіндегі зат төгіліп қалмауы, сырттан шаң-тозаң енбеуі үшін дорбаның аузын бүріп, бауымен байлап қояды. Сыртына ою-өрнек кестелеп, әшекейленеді.

Қолайлы тұрғын ажырамас бір бөлігіне айналған **төсек-орын** туралы да айта кетудің кезегі келді. Күндіз адыраның үстіне текшелеп жиналған төсек, түнде жатқанда жайлы төсеніш, жамылғанға жылы көрпе, жастанғанға жұмсақ жастық ретінде қызмет етеді. Бұл аталған бұйымдарды да түрлі маталардан тігу және ретіне сай ою-өрнекпен көмкеру арқылы көзге тартымды етіп жасау осы күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Осы мақалада сөзге тиек болып отырған қазақ халқының дәстүрлі тұрғын ортасын зерделеу барысында түсінгеніміз – өткен ғасырлар бойы қалыптасып, осы заманға дейін өміршендігін дәлелдеген ұлттық баспанамыздың қазіргі кезеңде де тұғыры биік, елдігіміздің айнымас белгісіне айналған киелі киіз үйіміздің әлі де қолданыста бола беретіндігін, тәпті мәдени мұра деңгейіне дейін көтеріліп, жаппай жаһандану дәуірінде біздің ерекшелігімізді паш ете беретіндігіне көзіміз жеткендігі.

Тұрғын орта қалыптастырумен айналысатын дизайн саласындағы қызмет ететін мамандардың осы күнде рухани тіргегі және сарқылмас шығармашылық бұлағы болып табылатын дәстүрлі киіз үйіміздің өзі де оның ішінде орын алған жоғарыда сипатталған бұйымдар да ұлттық бренд ретінде танылып, әлемге танымал болуда.

Халқымыздың көшпелі тұрмыс-тіршілігіне сай қалыптасқан көшіп-қону кезіндегі ең қажетті деген тұрмыстық заттардан құралған молбильді баспахананың осы күнде минимализм стилі деп заманауи тұрғын ортаны құрастыруда ең бастысына айналған ұстанымға негіз болғандығын айтсақ, қателеспейміз деп білеміз. Бүгінгі күндегі негізгі қағида – тек қана қажет заттардан тұрғын орта құру болып табылады. Әрине, заман өте келе тұрмыстық ортада өзгерді. Тұрғылықты тұрғын ортада өмір кешудеміз. Заман талабына сай тұрмыста түрлі технологияларды қолданамыз. Дегенмен, тұрғын орта құрылымдаудың түрлі концепцияларының бәрінің сайып келгенде ортақ бір тұжырымға келгендігі байқалады. Қоршаған ортадан үндестікте тіршілік етуге және табиғи ресурстарды үнемдеуге бағытталған технологиялар жаппай қолданысқа ие болары хақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бегімбай К.М. Дизайн тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Астана: ЕҰУ, 2014. 98 б.
2. Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1990. [ISBN 5-89800-008-9](#)
3. Қазақ тілі терминдер сөздігі. I том. – Алматы: «Білім», 1995.

УДК 747.012

РОЛЬ ДИЗАЙНА В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ

Ашимова Айнура Муратовна

Студент кафедры «Дизайн и инженерная графика»,
архитектурно-строительного института, ЕНУ им Л.Н. Гумилева
Научный руководитель – Т. М. Енсебаев